



**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 27 БАСПАСӨЗ-РЕЛИЗІ
2009 ЖЫЛҒЫ 2 ҚАРАША**

**«Виченца Нумизматика халықаралық жүлдесі» атты және
«Виченца Палладия – 2009 халықаралық жүлдесі» атты
монета өнімдерінің алтыншы халықаралық
конкурсының қорытындылары туралы**

2009 жылғы 1 қарашада Италияда өткен «Виченца Нумизматика халықаралық жүлдесі» атты және «Виченца Палладия – 2009 халықаралық жүлдесі» атты монета өнімдерінің алтыншы халықаралық конкурсының қорытындысы шығарылды.

«Виченца Нумизматика халықаралық жүлдесі» атты және «Виченца Палладия – 2009 халықаралық жүлдесі» атты халықаралық нумизматикалық конкурс Монета сарайларында немесе мемлекеттік органдарда соғылған ең әдемі монетаны айқындайды.

Барлық конкурстық монеталар екі номинациямен ұсынылды. Бірінші номинацияда арнайы қазылар алқасы еркін тақырыптағы монеталарды бағалады, ал екінші номинациямен ұсынылған монеталар ең озық архитектура үшін бағаланды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің **«Ұлы қолбасшылар» сериясынан «Шыңғыс хан»** ескерткіш күміс монетасына монетаның бет жағында қолданылған өзіндік ерекшелігі және сырт жағында Шыңғыс Ханның сапалы орындалған бейнесі үшін **бірінші номинацияның II жүлдесі** берілді.

«Ұлы қолбасшылар» сериясынан номиналы 100 теңгелік **«CHINGIZ KHAN» (Шыңғыс хан)** монетасы 2008 жылғы 31 мамырда айналысқа шығарылды.

Монетаның бет жағында (аверсінде) ортада Қазақстан Республикасы елтаңбасының алтындалған суреті монетаның номиналын білдіретін **«100 ТЕҢГЕ»** деген жазу, ат үстіндегі жауынгер, Қазақстан теңге сарайының тауар белгісі және монетаның соғылған жылын білдіретін **«2008»** деген сан орналасқан. Монетаны айналдыра шығыңқы жиек жүргізіліп, мемлекеттік тілде **«ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ»** және ағылшын тілінде **«NATIONAL**

BANK OF KAZAKHSTAN» деген жазу жазылған. Жазулар нүктелермен бөлінген.

Монетаның сырт жағында (реверсінде) ортада сансыз әскердің ортасында ат үстіндегі Шыңғыс ханның бейнесі «А. Дүзелханов картинасының фрагменті» орналастырылған. Монетаны айналдыра ағылшын тілінде «CHINGIZ KHAN» деген жазу, өмір сүрген жылдарын білдіретін «1162 - 1227» деген сандар және монета соғылған металды, оның сынамын және массасын білдіретін «Ag 925 31,1gr.» деген жазу бар.

Монетаның бет және сырт жағындағы бейнелер мен жазулар бедерленіп жазылған.

Қыры (гурт) бедерлі.

Монета сынамы 925 күмістен, массасы – 31,1 грамм, диаметрі – 38,61 мм, «proof» сапасымен дайындалған.

Ең көп таралымы - 13 мың дана (3 мың данасы Қазақстанның ішкі нарығы үшін).

